

Бекітемін:
ЖК Н.И.Гайып «Ақбөбек» балабақшасы
Әдіскері: Ж. Балгабева
Ж. Балгабева 2026жыл

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025 – 2026 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : ЖК Н.И.Гайып “Ақбөбек” балабақшасы
Топ: “Жұлдыз” ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: Наурыз айы 2026жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқаұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. Негізгі қимылдар: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу. Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерінсаналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.

Дербес қимыл белсенділігі:

Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.

Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.

Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаюды пысықтау.

Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.

Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту дағдыларын дамыту.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары:

Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаюды. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді.

Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту.

	қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Шама: Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. Геометриялық пішіндер: сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды дамыту (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау). Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді жетілдіру (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктері (танертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.
Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беруді пысықтау. «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды қалыптастыру.
Мүсіндеу	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіруді жалғастыру.
Жапсыру	Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау дағдысын пысықтау.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдауды үйрету. Қағаздан құрастыру: «Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруды дамыту. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді жетілдіру.

Тіл дамыту және көркем әдебиет	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту Сөздік қор. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрте отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Зат есімдерді сынесімдермен байланыстыруға үйрету Байланыстырып сөйлеу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Сөздік қор Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкестүрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Байланыстырып сөйлеу Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға мүмкіндік беру.
Математика негіздері	Жиын: Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуіне мүмкіндіктер беру. Сан, санау: Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы

	қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Шама: Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. Геометриялық пішіндер: сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды дамыту (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау). Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді жетілдіру (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.
Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беруді пысықтау. «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды қалыптастыру.
Мүсіндеу	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіруді жалғастыру.
Жапсыру	Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау дағдысын пысықтау.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдауды үйрету. Қағаздан құрастыру: «Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруды дамыту. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді жетілдіру.

Музыка	Музыка тыңдау: Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Әнді мәнерлеп айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап домбыраны қолдану, қарапайым әуендерді ойнауын дамыту. Билер: Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен әйтіп жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау. Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман). Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.